КЕАҚ "Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті"

**БЕКІТЕМІН**
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті
Басқарма төрағасы-ректор
_____________С.Н.Идрисов
«04» ___12___2024ж.

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН ӘЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

№ 194

Атырау 2024 ж.

| | Лауазымы | Аты-жөні | Қолы | Күні |
|---|---|---|---|---|
| Дайындады | вице-проректор | Ж.У.Сулейменова | | 02.12.2024 |
| | Білім бағдарламаларының академиялық сапасын арттыру және дамуын қамтамасыз ету кеңсесінің жетекшісі | А.С.Сарсенгазиева | | 02.12.2024 |
| Келісілді | Академиялық мәселелер жөніндегі проректор | А.Е.Чукуров | | 02.12.2024 |
| | Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі | Ж.Т.Кайшигулова | | 02.12.2024 |
| | Зангер | К.С.Куанов | | 3.12.2024 |

## Мазмұны

| | | |
| --- | --- | --- |
| 1 | Мақсаты және қолдану саласы........................................................ | 4 |
| 2 | Нормативтік сілтемелер.................................................................. | 4 |
| 3 | Жалпы ережелер ............................................................................ | 4 |
| 4 | Элективті пәндер каталогын әзірлеу және қолданысқа енгізу тәртібі .......... | 5 |
| 5 | Өзгертулер....................................................................................... | 6 |
| 6 | Келісу, сақтау және тарату ............................................................ | 6 |
| | Қосымша 1 ........................................................................................ | 7 |
| | Қосымша 2 ........................................................................................ | 10 |
| | Танысу парағы ................................................................................ | 11 |
| | Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы ..................................... | 12 |

## 1. Мақсаты және қолдану саласы

1.1 Осы элективті пәндер каталогын әзірлеу туралы ереже (бұдан әрі – ереже) Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің (бұдан әрі-Университет) элективті пәндер каталогын жасау тәртібін белгілейді.

1.2 Бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламаларының (ББ) жұмыс оқу жоспарларында оқуға пәндердің екі циклі ұсынылады: Міндетті компонент (МК) және таңдау компоненті (ТК). Болашақ кәсіби қызметті ескере отырып, пәндерді дұрыс таңдауда элективті пәндер каталогы (бұдан әрі - ЭПК) маңызды рөл атқарады.

1.3 ЭПК-нің басты мақсаты білім алушыларға олардың мағыналы таңдауын қамтамасыз ету үшін элективті пәндер бағдарламаларының қысқаша мазмұнымен танысуға мүмкіндік беру болып табылады.

1.4 Бұл ережені ЭПК әзірлеу процесіне қатысатын университет қызметкерлері орындау үшін міндетті.

## 2. Нормативтік сілтемелер

Осы ереже "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді (бұдан әрі-МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен енгізілген өзгертулермен және толықтыруларымен, Университеттің академиялық саясаты.

## 3. Жалпы ережелер

3.1 Кредиттік оқыту технологиясының ережелеріне сәйкес университет ЭПК әзірлейді.

3.2 ЭПК әрбір білім беру бағдарламасына жеке жасалады және оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдерін) және күтілетін оқу нәтижелерін (білім алушылардың алған білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттіліктері) көрсете отырып, олардың қысқаша сипаттамасын қамтитын таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізбесін білдіреді. Бітіруші кафедралар ЭПК құрастыру кезінде ғылымның, техниканың даму тенденциялары, нарықтың қажеттіліктері және университеттің білім беру қызметтерін тұтынушылардың сұраныстары ескерілуі керек.

3.3 Білім алушыларға ойластырылған және тұтас білім беру траекториясын қалыптастыруда құзыретті көмек көрсету үшін эдвайзерлер қызметі көзделген.

3.4 Эдвайзерлер білім алушыларға еңбек нарығының қажеттіліктерін, жұмыс берушілердің талаптарын және білім алушылардың мүдделерін көрсететін жеке оқу жоспарларын жасауға көмектеседі.

3.5 ББ ЭПК келесі талаптарға сәйкес бітіруші кафедралармен әзірленуі тиіс:

- элективті пәндер білім алушылардың ББ-да, кәсіптік стандарттарда және Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында айқындалған кәсіптік құзыреттерді меңгеру қажеттілігіне сәйкес айқындалады;

- элективті пәндерді оқу тәртібі академиялық өзара байланыс логикасына және пәндерді оқу реттілігіне сәйкес, яғни пререквизиттер мен постреквизиттерді көрсете отырып жүзеге асырылады;
- элективті пәндер пәндердің қысқаша мазмұнымен, кредиттер саны мен пәндерді кодтаумен ұсынылған. Каталог пәндерін кодтау жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу пәндерін кодтау жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады. (2-қосымша)
-элективті пәндер каталогы элективті пәндерді балама таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Элективті пәндердің әр блогында таңдау үшін кемінде 2 элективті пән болуы керек.
Бакалавриат үшін ЖББ, БП, КП циклдарының пәндері ЖББЖ-да тізімделеді. Магистратура мен докторантура үшін тек БП және КП циклдары толтырылады.

**4. ЭПК әзірлеу және қолданысқа енгізу тәртібі**

4.1 Титулдық бетте: университеттің, факультеттің, кафедраның атауы; Оқу деңгейі - бакалавриат, магистратура немесе докторантура; оқуға түскен жылы - биыл оқуға түскен білім алушылар үшін бүкіл оқу мерзіміне ЭПК әзірленеді.

4.2 Элективті пәндер тізбесі мынадай ақпаратты қамтиды: пәннің реттік нөмірі, коды және атауы, курстың мақсаты және пәннің негізгі бөлімдерінің қысқаша мазмұны, Пререквизиттер, қалыптастырылатын құзыреттер; пән циклі, академиялық кредиттер көлемі, ұсынылатын семестр (1-қосымша).

4.3 ЭПК пәндері жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, жыл сайын жаңартылуы (толықтырылуы) тиіс.

4.4 Бастапқы кезеңде құрамына кафедраның ПОҚ кіретін сараптамалық топ осы Ереженің 4.5-тармағына сәйкес үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) іріктеуге арналған элективті пәндердің алдын ала тізбесін және олардың сипаттамасын жасайды.

4.5 Екінші кезеңде ұсынылатын пәндер тізбесі және олардың сипаттамасы факультеттің ОӘК отырысында талқыланады, оның қорытындысы бойынша ЭПК-ты өзектендіру бойынша ұсынымдар әзірленеді. Ұсынымдар әрбір ББ бойынша факультет ОӘК отырысының хаттамасында көрсетіледі.

4.6 Үшінші кезеңде ЭПК хаттамада көрсетілген ұсынымдарды ескере отырып өзектендіріледі және ББ бейіні бойынша жұмыс берушілермен келісіледі. Келісу ББ ЭПК Келісуші тұлғаның аты-жөні, лауазымы және оның қолы, ұйымның (кәсіпорынның) атауы, келісу күні көрсетіле отырып ресімделеді. Міндетті түрде ЭПК келісілген ұйымның (кәсіпорынның) мөрі қойылады.

4.7 ЭПК мазмұны үшін кафедра меңгерушісі жауап береді.

4.8 Соңғы кезеңде ЭПК оқу-әдістемелік қызметке жетекшілік ететін бөлім басшысымен келісіледі және факультет ОӘК шешімімен бекітіледі.

4.9 Бекітілгеннен кейін ЭПК 1 данада оқу-әдістемелік қызметке жетекшілік ететін бөлімге (ББСАжҚЕ кеңсесі) ұсынылады, ол оларды университеттің ресми сайтында және автоматтандырылған ақпараттық жүйеде/порталда орналастыруды ұйымдастырады.

**5. Өзгертулер**

5.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді оларды әзірлеуші жаңа құжатты әзірлеу және оны бөлімшенің қызметіне жетекшілік ететін проректордың рұқсаты бойынша белгіленген тәртіппен келісу және бекіту жолымен жүзеге асырады және оның қолы қойылып құжатпен ресімделеді.

**6. Келісу, сақтау және тарату**

6.1 Ереже бекітілгеннен кейін әзірлеуші түпнұсқаны тіркеу және сақтау үшін СМК-ға береді.

6.2 Ескірген, күші жойылған ережелерді СМК-не беру және пысықтау үшін құрылымдық бөлімше басшысы жауапты болады.

6.3 Басшы бекітілген Ереженің көшірмесін танысу парағына қол қойғызып, бөлімше қызметкерлерінің назарына жеткізеді.

Қосымша 1

**«Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕ АҚ / НАО «Атырауский университет имени Халела Досмухамедова»**

**___________________________ кафедрасы /Кафедра «______________________________»**

**БЕКІТЕМІН / УТВЕРЖДАЮ**
Факультет деканы /Декан факультета
_________А.Ж.Т. /Ф.И.О.
«____»__________20__ж/г.

**ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ / КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН**

**_________________________________________білім бағдарламасы бойынша**

**по образовательной программе _________________________________________**

оқу деңгейі / уровень обучения ______________

**Атырау – 20__**

| № | Пәннің коды және атауы/Код и наименование дисциплины | Курстың мақсаты Негізгі тараулардың қысқаша сипаттамасы/ Цель курса Краткое содержание основных разделов | Презеквиттер/ Пререквизиты | Қалыптасатын құзыреттіліктер/ Формируемые компетенции | Пәндер циклы/ Цикл дисциплины (ЖБП, БП,КП /ООД, БД, ПД) | Пәндер циклы/ Цикл дисциплины ЖК,ТК/ ВК, КВ | Академиялық кредит көлемі/ Объем академ. кредитов | Ұсынылған семестр/ Рекомендуемый семестр |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 курс | | | | | | | | |
| | OPMS 2108 Основы предпринимательства и ментор-стартапов | Целью преподавания курса является формирование у студентов знаний о принципах предпринимательства в Казахстане, методах поиска новых идей и составления стартапов, привлечения студентов и окружающих к занятию предпринимательством.<br>Содержание курса. Изучение теории и практики предпринимательской деятельности, которая представляет собой свободное экономическое хозяйствование в различных сферах деятельности, осуществляемое субъектами рыночных отношений в целях удовлетворения потребностей конкретных потребителей и общества в товарах (работах, услугах) и получения прибыли, необходимых для саморазвития собственного дела и обеспечения финансовых обязанностей перед бюджетами и другими хозяйствующими субъектами. | Программа средней школы | Знать содержание и сущность предпринимательской деятельности, ее виды и формы, основы формирования культуры предпринимательства, а также принципы делового этического поведения предпринимателя.<br>Уметь формулировать банк предпринимательских идей, составлять бизнес-план стратапов, формировать лидерские навыки и приобретать опыт работы в команде в рамках социально-ориентированного и инновационного бизнеса<br>Владеть методами составления стартапов, основными формами сотрудничества в сфере производства, принципами и методами оценки эффективности предпринимательской деятельности и самоорганизации человека в конкретной деловой среде. | ООД | КВ | 5 | 4 |
| | KNMC 2108 Кәсіпкерлік негізі және ментор стартаптары | Курстың мақсаты. Қазақстандағы кәсіпкерлік қағидалары туралы білімдерін қалыптастыру, жаңа идеяларды іздеу әдістері мен | Орта мектеп бағдарламасы | Білуі қажет: кәсіпкерлік қызметтің мазмұны мен мәні, оның түрлері мен формалары, кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыру негізі, сондай-ақ | ЖМК | ТК | 5 | 4 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | стартаптар құру арқылы студенттерді бизнес ашуға тарту.<br>Курс мазмұны. Өз бизнесін дамыту, бюджет және басқа шаруашылық субъектілерін қаржылық міндеттемелерді қамтамасыз ету, тауарлар (жұмыс, қызмет) және нақты тұтынушылар мен қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында нарықтық қатынас субъектілері жүзеге асыратын түрлі қызмет салаларында еркін экономикалық басқару болып табылатын кәсіпкерлік теориясын және тәжірибесін зерттеу. | | кәсіпкердің іскерлік этикалық мінез-құлық принциптерін;<br>Жасай білуі қажет: Кәсіпкерлік идеялар банкін қалыптастыру, стартаптар үшін бизнес-жоспар жасау,көшбасшылық дағдыларды дамыту және әлеуметтік-бағдарланған және инновациялық бизнес саласында бірлескен жұмыс тәжірибесін алу<br>Дағдысы бар: Стартап құру әдістерін, өндіріс саласында ынтымақтастықтың негізгі нысандары, кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін бағалау қағидаттары мен әдістері және белгілі бір іскерлік ортада адамның өзін-өзін ұйымдастыру дағдыларын игеру | | | | |
| **Цикл базовых дисциплин** | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |
| **Цикл профилирующих дисциплин** | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

**Құрастырушы/ Разработал:**

**Келісілді / Согласовано:**

| Должность | Ф.И.О. | Подпись |
|---|---|---|
| | | |

Қосымша 2

**ЭПК-да пәндер кодтарын беру үлгісі**

Оқу пәндерінің кодтары әріптік-цифрлық алфавит арқылы белгіленеді. Әріптік бөлік латын әліпбиінің әріптерімен, сандық бөлігі араб цифрларымен ұсынылған.

Кодтың негізі екі немесе одан да көп әріптік белгілерден және төрт сандық белгілерден тұрады. Егер оқу пәнінің атауында бір сөз ұсынылса, онда кодтың әріптік бөлігі латын әліпбиін пайдалана отырып, осы сөздің алғашқы үш әрпінен (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) жасалады, ал бірінші әріп бас әріппен жазылады, қалғандары кіші әріппен жазылады.

Мысал:

Математика- Mat

Экология – Eko

Физика-Fiz

Егер пәннің атауында екі немесе одан да көп сөз ұсынылса, онда кодтың әріптік бөлігі латын әліпбиін пайдалана отырып, мағыналық жүктемені көтеретін әрбір сөздің (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) бас әріптерінен құралады.

| Орыс әріптері әліпби | Қазақ әріптері әліпби | Латын әріптері әліпби | Орыс әріптері әліпби | Қазақ әріптері | Латын әріптері әліпби |
|---|---|---|---|---|---|
| А | Ә | A | Р | | R |
| Б | | B | С | | S |
| В | | V | Т | | T |
| Г | Ғ | G | У | Ү Ұ | U |
| Д | | D | Ф | | F |
| Е | | E | Х | h | H |
| Ж | | Zh | Ц | | C |
| З | | Z | Ч | | Ch |
| И | І | I | Ш | | Sh |
| К | Қ | K | Щ | | Shch |
| Л | | L | Ы | | Y |
| М | | M | Э | | E |
| Н | Ң | N | Ю | | Yu |
| О | Ө | O | Я | | Ya |
| П | | P | | | |

Бірінші сандық код белгісі оқу курсын білдіреді.

Екінші сандық белгі берілген оқу пәнінің циклін көрсетеді. Бұл ретте жалпы білім беретін пәндер циклі 1 цифрлық белгісімен, базалық пәндер циклі – 2 белгісімен, бейіндік пәндер циклі – 3 белгісімен белгіленеді.

Үшінші және төртінші сандық белгілер 01-ден бастап берілген пәннің реттік нөмірін және оның баламаларын көрсетеді. Нөмірлеу өтпелі болуы керек.

Мысал:

Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері-ETKN 2108

Академиялық жазу-AZh 1201

Химияның негізгі заңдары мен теориялары – HNZT 1213.

## Танысу парағы

| № р/с | Аты-жөні | Қызметі | Келісу күні | Қызметкердің қолы |
|---|---|---|---|---|
| | А.Сарсенгазиева | руководитель | 03.12.24 | |
| | Куспанова Э.К. | ведущий спец. | 03.12.24 | |
| | Журманова А.Ш. | ведущ. спец | 03.12.24 | |
| | Мәжібаева А.И. | ведущ. спец. | 03.12.24 | |
| | Юсупова Т.М | ведущ.спец | 03.12.24 | |
| | Ахмасова И.Ж. | ведущ спец | 03.12.24 | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

## Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы

| № р/с | Құжатбөлімінің, тармағының, тармақшасының № | Өзгеріс енгізу күні | Негіздеме (Бұйрық №, күні) | Өзгеріс енгізілген күн | Өзгерісті енгізген тұлғаның қолы |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |